

Историческая справка

Овце совхоза "Жулдузский" Фурмановского района, Уральской области с.Карасу.

В соответствии с решением общего собрания колхозников от 17-января 1963 года Жулдузский овцесовхоз образовался в феврале 1963г. на базе двух колхозов им.Ленина и Калинина Карасуского с/совета Фурмановского района.

Колхоз им Ленин образовался на базе колхозов "Жулдуз" и "Жас" в 1954 г.

Колхоз им.Калинина образовался на базе колхозов им, Калинина и им.Борешилова в 1952г. Направление совхоза- овцеводческое.

В архив документы сдавались за 1963-1972 г.г. в Уральский Гос Архив.

Директор:

С.Досимов



Каз. ССР—Каз. ССР
Фурмановский район
Жулдузский
№ 53
Уральская область
Карасуский район

14 II 1920г
№ 53
село Карасу
лех № 94
14.06.802

Жалпықаралық филиал
государственного архива
Западно-Казакстанской области
с. Жалпықарал

Жулдузский овцеводческий
совхоз Фурмановского районного
производственного управления
сельского хозяйства
аул. Карасу

историческая справка

Жулдузский овцеводческий совхоз Фурмановского районного производственного управления сельского хозяйства Уральской области организован на основании постановления Совета Министров Казахской ССР от 2-го января 1963 года за № 1 "Об организации овцеводческих совхозов в Западно-Казакстанском Крае" о мерах по дальнейшему развитию овцеводства в колхозах и совхозах Казахской ССР на базе земель и общественного имущества колхоза им. Ленина Туртпшенского аул Совета, колхоза им. Калинина Карасуского аул Совета и часть земель колхоза им. Кирова Саралжинского аул Совета Казгаловского района, общей земельной площадью - 137427 гектаров.

Совхоз Жулдузский расположен в южной части Фурмановского района. В северной и северо-восточной части совхоз граничит с территориям совхоза Караузенский, на востоке и юге с совхозом Айдарханский Айналинского района, на севере и северо-западе с территориям совхоза Куктерекский.

Ведущей отраслью хозяйства является животноводства с полугонкорунным овцеводство, крупным рогатым скотом и табунным коневодством.

В соответствии с приказом Министерство и заготовок сельхозпродуктов казахской ССР от 5-го января 1963 года за № 44 и согласно приказа Фурмановского районного производственного управления сельского хозяйства от 14-го января 1963 года за № 12 директором вновь организованного овцеводческого совхоза Жулдузский назначено Мурагов Гайнет.

В связи с организацией совхоза на ее территории создано четыре животноводческих отделений. Отделение № 1 с центральной усадьбой Туртпшен, отделение № 2 с центральной усадьбой Бостандык, отделение № 3 с центральной усадьбой Ащесви а усадьба № 4 отделение было

совмещена с центральной усадьбой совхоза в поселке Карасу.

В центральной усадьбе совхоза имелось контора совхоза, школа-интернат, клуб, детские ясли, медицинский пункт, почтовое отделение, магазины и другие учреждения культурно-бытового назначения.

По данным государственного учета о движении поголовья крупного рогатого скота, овец лошадей и верблюдов на день организации совхоза имелось 3767 голов крупного рогатого скота мясного направления из них 1087 голов коров 57949 голов овцы, 670 голов лошади и 145 голов верблюда.

По статистическим отчетам о численности рабочих и служащих совхоза весь персонал основной и неосновной деятельности составляло 757 человек.

На основании Закона Республики Казахстан "Об аренде государственных имущество сельскохозяйственных предприятия и согласно решений главы Фурмановской районной администрации от 11-го мая 1992 года за № 106 на базе земель и общественного имущество Жулдузского овцеводческого совхоза создано "Арендное сельскохозяйственное предприятие Жулдуз".

На основании решений главы Жалпекталской районной администрации от 13-го сентября 1996 года за № 55 и согласно решений общего собрания членом коллективной предприятий от 7-го октября 1996 года сельскохозяйственное коллективное предприятие ликвидировано на место создано мелкие частные собственные хозяйства.

К документам совхоза в 1970-1985 годах было проведено упорядочение архивных документов за период 1963-1982 год. За это период через ЭИМК облгосархива прошла и взяты на государственный учет по описи № I 332 ед. постоянного хранения по описи № I^д 122 ед. хранения по личному составу и выделены к уничтожению 2484 дел как не имеющие научно-исторической ценности и утратившие практическое значение.

Со дня организации совхоза из ведомственного хранения на государственное хранение документы принимаются в первые. При приеме документов на государственное хранения фондообразователем присвоено 65 фондовой номер. Документы приняты на государственное хранения согласно их описи. Физическое состояние документов удовлетворительное.

Наиболее типичными документами является приказы по производственному и по личному составу, экономические показатели по всеми видами деятельности совхоза годовые планы, статистические и бухгалтерские отчеты.

Для составления исторической справки по основной деятельности фондообразователя использованы наиболее типичные документы самого фондообразователя в том числе приказы по производственному вопросу и по личному составу, производственно-финансовые планы, статистические и бухгалтерские отчеты, а также документы архивного фонда исполнительного комитета районного Совета депутатов трудящихся, управления сельского хозяйства и управлений статистики.

Директор филиала



А.О. Лусеков

25 июля 1947 г.

Тарихи анықтама

Орал облысы, Фурманов аудандық ауылшаруашылық басқармасының Жұлдыз кой совхозы Қазақ ССР-ы Министрлер Советінің 1963 жылдың 2 қаңтарындағы «Батыс Қазақстан өлкесінде қой совхоздарын ұйымдастыру» туралы қаулысына сәйкесті, Төртпішен ауылдық Советіне қарасты «Ленин» колхозның, Қарасу ауыл Советіне қарасты «Калинин» колхозның, Казталов ауданының «Саралжын» ауылдық Кеңесіне қарасты Киров колхозының бір бөлігі (барлығы 137 427 гектар) негізінде ұйымдастырылған.

Жұлдыз совхозы Фурманов ауданының оңтүстігінде орналасқан.

Солтүстігі, солтүстік шығысында Қараөзен совхозы мен шығысы мен оңтүстігінде Жаңақала ауданының Айдархан совхозымен, солтүстігі мен солтүстік шығысында Көктерек совхозының жерлерінен шектеседі.

Совхоз негізінен мал шаруашылығымен айналысты, сонын ішінде биязы жүнді қой, ірі қара, жылқы, түйе өсірді.

Қазақ ССР-ы ауыл шаруашылығы Министрлігінің 1963 жылдың 5 қаңтарындағы бұйрығымен және Фурманов аудандық өндірістік ауыл шаруашылық басқармасының 1963 жылдың 14 қаңтарындағы № 12 бұйрығымен жанадан ұйымдасқан Жұлдыз кой совхозының директоры лауазымына Муратов Ғайнеш тағайындалған.

Жұлдыз кой совхозы директорының 1963 жылғы 20 қаңтарындағы № 1 бұйрығымен совхоздың бас бухгалтерлігіне Қажиақпаров Теңел тағайындалды.

Совхоз директорының 1963 жылғы 21 қаңтар күнгі бұйрығымен совхоз директорының шаруашылық жөніндегі орынбасарлығына Даулетов Ермеқәліді, бас зоотехнигіне Қуанышқалиев Нәсиді, бас мал дәрігеріне Рахматулин Есетті, бас агрономына Шакиров Сарыны, бас инженерлігіне Мұхатов Ғұбайдолланы, прораб болып Тасбаев Забихолланы, экономистігіне Арыстанов Каримолланы, МТМ меңгерушісіне Есмағанбетов Бисенді, машина ауласының меңгерушісіне Сипенов Мақсотты, кадр бөлімінің инспекторлығына Бакиров Қаменді тағайындаған.

Жанадан ұйымдасқан қой совхозының аумағында совхоз директорының 1963 жылғы 21 қаңтарындағы № 3 бұйрығымен 5 бөлімше құрылған:

№ 1 бөлімше орталығы Төртпішен ауылы,

№ 2 бөлімше орталығы Бостандақ ауылы,

№ 3 бөлімше орталығы Жас ауылы,

№ 4 бөлімше орталағы Қарасу ауылы,

№ 5 бөлімше орталағы Ашысай ауылы, және совхоз орталығы Төртпішен ауылына орналасып, кейін Қарасу ауылына көшірілген.

Бөлімше басқарушылары болып:

№ 1 бөлімше Нурмахов Габдрахим,

№ 2 бөлімше Валиев Габбас,

№ 3 бөлімше Ғазизов Қадірәлі,
№ 4 бөлімше Тлеккабылов Ғазиз,
№ 5 бөлімше Атауов Тлеп тағайындалған.

Совхоз орталығы Қарасу ауылында совхоз кеңсесі, мектеп-жатақхана, клуб, балабақша, мед.пункт, байланыс бөлімшесі, дүкен болған.

Мемлекеттік есеп бойынша 1963 жылы совхоз есебінде 3767 бас ірі қара, оның 1087 сиыр, 57 949 бас қой, 670 бас жылқы, 149 бас түйе болған.

Статистикалық есеп бойынша совхоз жұмысшылары, қызметкерлері барлығы 757 адам болған.

Жұлдыз совхозын
Муратов Қайнеш 1963 жылы,
Мұқантаев Сисенбай 1963-1974 жылдары,
Досқалиев Бақытжан 1974-1986 жылдары,
Семенов Жанболат 1986-1988 жылдары
Карағойшен Ахметқали 1988-1990 жылдары,
Рахимов Ерболат 1990-1996 жылдар басқарды.

1974-1984 жылдары Жұлдыз совхозын Досқалиев Бақытжан басқарған кезде жаңа типті 624 орындық мектеп, 2 қабатты 90 балалық бала бақша, 2 қабатты мәдениет үйі, аурухана, трактор шеберханасы, қонақ уй, көптеген тұрғын үйлер салынған, көшелерге арық қазылып, әр үйге бау-бақша, көгалдандіру жұмыстарын жүргізуге техникалық су жіберілген.

Совхозда ірі қара тұратын үлкен кешендер салынған, жем-шөп цехтары жұмыс істеген жыл ішінде 136 100 центнерге дейін сапалы шөп дайындалған, сүрем салынған. 3100 гектар жерге егіс егіліп, одан 13 750 центнер өнім алынған. Әр 100 аналықтан: бұзау – 82-ден,
қозы – 92 – ден,
құлын – 75 – ден,
бота – 35 ден алынған.

Совхозда соғыс ардагері Қуанышқалиев Нәси көп жыл бөлімше басқарған, соғыс ардагері Қапашев Сабыр орта мектепте ұстаздық еңбек еткен.

Совхоз тоғызыншы бесжылдықтық бірінші жылы мемлекетке 10 мың центнер ет, 2180 центнер жүн тапсырып, 509,5 мың сом таза пайдамен шыққан.

Аға шопан Сағындық Ерешев
1958 жылы әр 100 саулықтан 124 қозы алған
1959 жылы әр 100 саулықтан 125 қозы алған
1960 жылы әр 100 саулықтан 135 қозы алған
1961 жылы әр 100 саулықтан 140 қозы алған
1962 жылы әр 100 саулықтан 145 қозы алған.
Әр қойдан 4,0 – 4,5 кг жүн алған.

1961 жылы мал шаруашылығының еңбек сіңірген қайраткері.
1971 жылы әр қойдан 120 қозы, 5,0 кг жүн алған – Ленин орденін алған.
1975 жылы октябрь Революциясы орденімен марапатталған.
1976 жылы Құрмет белгісі орденімен марапатталған.
1986 жылы Халықтар Достығы орденімен марапатталған.
1966 жылы 22 март күні «Социалистік Еңбек Ері» атағын алған.

Ең жоғарғы көрсеткіші 1978 жылы 158 қозы 5,2 кг жүн алған.

С.Ерешевтің еңбегінен тәжірибе алған совхоздың Бақаев Болат, Қажіғалиев Зәбен, Қажіғалиев Қорлан т.б. аға шопандары, ізбасарлары, майталман еңбек етті.

1974 жылы Жұлдыз қой совхозы облыс көлемінде жоғарғы көрсеткіштерге ие болып әр саулықтан қозы алу жөнінде ҚР-ның ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды.

1975 жылы «Шұғыла» жастар бригадасы құрылып, жергілікті жастар жұмысқа қамтылған.

«Сағындық» қыстағында мал бордақылау кешені (комплексі) салынып, жемдеу цехы іске қосылып, ірі қара малдарын бордақылау жұмыстары белсене қолға алынып, әрбір ірі қараның тірілей салмағы 380-470 кг-ға дейін жеткізіліп мемлекетке етке өткізілген.

Батыс Қазақстан аймақтық мемлекеттік меншік жөніндегі комитеті коллегиясының 31 наурыз 1994 жылғы № 78 қаулысына сәйкесті Жұлдыз қой совхозы таратылып, совхоз штатындағы жұмысшы қызметкерлер жұмыстан босатылды.

Осы совхоз базасы негізінде еңбек ұжымы уәкілдері жиналысының 17 сәуір 1994 жылғы № 1 хаттама қулысына сәйкесті, мүлік, жерді өз еркімен, біріктіру арқылы жеке меншікке негізделген «Жұлдыз» ұжымдық шарушылығы құралған. Жаңадан құрылған Жұлдыз ауыл шаруашылық ұжымының атқарған міндеттері:

Ұжым құрамындағы барлық ұжым мүшелері болып, бірігіп мал басын сақтау және өсіру, жер жыртып егін салу, одан өнім алу болып табылды. Ұжым меншігінде 2500 бас ірі қара, оның 714 сиыр, 23 798 бас қой-ешкі, 871 бас жылқы болған. 25-түрлі автомашина, 48 ауыл шаруашылық техникалар есепте тұрған.

1996 жылы Жұлдыз ауыл шаруашылық ұжымы таратылып, еңбек ұжымына және зейнеткерлерге тиісті мүлік және мал, техника, құрылыс материалдары бөлініп берілген.

Тарихи анықтаманың екінші бөліміне тоқталар болсақ:

Ғылыми өңдеуге дейін 12 (он екі) тізімдеме бойынша 1963-1996 жылдар аралығында 613 сақтау бірлігі болған.

2012 жылдың қазан айының 4-нен 2013 жылдың сәуір айының 12 аралығында осы қордың 1963-1996 жылдар аралығындағы құжаттарына ғылыми-техникалық өңдеу жүргізілді.

Нәтижесінде:

510 істердің мұқабалары ауыстырылып, 25 мұқаба, 2547 парақ желімделді, 24500 парақ қайта нөмірленді, 535 іс маңызына және мерзіміне қарай жүйеленіп мұқабалары рәсімделді, 73 бума қалыптастырылды, 73 жапсырма жаңадан жаңартылды.

Жаңадан 2 (екі) тізімдеме құрастырылды.

Тұрақты сақталатын істердің № 1 тізімдемесінде 1963-1996 жылдар аралығындағы 350 (үш жүз елу) іс, жеке құрам жөніндегі істердің № 1 «ж» тізімдемесіне 1963-1996 жылдар аралығындағы 185 (жүз сексен бес) іс. Барлығы 2 тізімдеме бойынша 535 (бес жүз отыз бес) іс енгізілді.

Қорда ғылыми-техникалық өңдеуден өткізу кезінде: 31 іс табылмаған, 47 іс сақтауға жатпайтын бөлініп алынды, 45 іс басқа істермен біріктірілді, 45 іс ажыратылып бөлінді.

Тізімдемедегі істердің индекстері 1965 жылы бекітілген істер номенклатурасымен салынды.

Тарихи анықтаманы құрастыру негізінен Жұлдыз совхоз қорындағы құжаттарынан пайдаланылды (Қор -№ 65, тізімдеме № 1, № 1 «ж»).

1965 жылғы істер номенклатурасы бойынша ветеринария бөлімінің құжаттары және негізгі құрам жөніндегі 1963-1971, 1973-1975 жылдар аралығындағы бұйрық кітаптары мемлекеттік сақтауға түспегендіктен тізімдемелерге еңген жоқ.

Жалпы қордағы құжаттардың физикалық жағдайына тоқталар болсақ

№ 1 «ж» тізімдемесіндегі еңбек ақы есептеу және төлеу ведомостілерінің жағдайы нашар болды, бірақ құжаттары яғни жеке құрам жөніндегі бұйрықтары және еңбек ақы ведомостілері мемлекеттік сақтауға толығымен тапсырылып, ғылыми өңдеу кезінде ретке келтірілді.

Бұрынғы тапсырылған тізімдемелердегі құжаттар ресми тілде жазылған.

Өңделгеннен кейін жасалған тізімдемелерге еңген істер мемлекеттік тілде жазылды.

Жаңартылған тізімдемелерге тарихи анықтама, ғылыми-техникалық өңдеу жүргізудің актісі, жетіспейтін құжаттардың актісі, сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы актісі, қор қарточкасы, СК хаттамасы толтырылды.

Жалпақтал филиалының директоры :



Ғ.Едекешев